Соғыс отына шарпылған балалық шақ

Ұлы Отан соғысы Совет елі үшін сәтсіз басталғаны белгілі. Совинформбюроның сол кездегі радио хабарларында «Қызыл Армияның бөлімдері кескілескен шайқастардан кейін бәленбай қала мен елді мекенді тастап кейін шегінуге мәжбүр болды» - деген хабарлар күнде айтылатын. Басым күші бар жау тегеуіріне қаншама қарсылық жасап, ерлік көрсетуге қарамастан, 1941 жылдың күзіне қарай Белорусияның, Украинаның, Прибалтика республикаларының жерлерін неміс-фашист армиясы оккупациялады, басып алды. Сол жылдың қараша айының аяғында жау Совет Одағының астанасы Москва қаласынан небары 25-30 шақырым жерде тұрды.

Неміс генералдары әскери бинокльмен астананың көшелерінде не болып жатқанын айыра алатын жағдайға жетті. «Дранк нах Остен» (Шығысқа жорық) компаниясы тез арада іске асуына шамалы ғана уақыт қалды, деп жариялады неміс генералитеті бүкіл әлемге.

Дәл осындай жағдай ауыл тұрғындарының арасына қорқыныш әкелді, үрейін ұшырды, әбігершілік туғызды. Бірақ та соғыстың алғашқы екі айының ішінде жалпы мобилизациялауға байланысты ауылдың жігіттері лек-легімен әскер қатарына шақырылды. Күн сайын төрт-бес адам аудандық әскери комиссариатына шақырылатын. Біздер төлқұжат алмаған, кәмелетке жетпеген жас балалар аға-әкелерімізді аудан орталығына баратын жарты жолға дейін шығарып салатынбыз.

Біздің Жастілек ауылынан әскерге шақырылғандардан Шопабаев Әбдірахман, ағалы-іні Сембек, Дүйсенбек Қоқымбаевтар, Мұқтаров Төлеп, Қамзин Изат майданнан оралған жоқ. Олардың аттары «Боздақтар» кітабына жазылған. Соғыс аяқталғаннан кейін югослав партизандары қатарында болған Қанапиянов Бошай, Қошанов Жүніс, Жанашев Төлеу, Бадырақұлы Елубай, ағайынды Имаш, Жапар, Тәрмизи Нұрахметовтер, Бекенов Күрішбай, Рүстемов Әбутәліп, Мұқтаров Ахуян, Тлешов Қазал, Асқаров Көшен, Әбілғазин Қайыржан, т.б. ауылдас туысқан ағайындарымыз аман-есен туған аулына оралды, қызу еңбекке кірісті.

1941 ж. желтоқсан айында Қызыл Армия бөлімдерінің Москва түбінде қарсы шабуылға шығып неміс-фашистерін батысқа қарай 200-300 шақырымға дейін кейін қууы халықтың қамыққан көңілінің кетерілуіне себепкер болды. Жеңіске жететініміздің алғашқы көрінісін байқап аз да болса қуанышқа бөлендік.

Тыл еңбеккерлері ата жаумен айқасып жатқан жауынгерлерге қолдан келген барлық көмегін аяған жоқ. Мал бағу, оның өнімдерін ұқсату, қысқы мал азығын дайындау, егін егу және дақылдарды орып жинау, астықты мемлекет қоймасына жеткізу - осының барлығы қарттар мен әйелдердің және жасөспірім бұғанасы қатпаған балалардың үлесіне тиді.

Осы күнгі Бұқар жырау (бұрынғы Ворошилов) ауданына қарасты Жастілек ауылында 14-15 жас арасындағы бір топ жас ұландар болдық. Олар Мұқатай Нұрахметов, Шайзат Қужақов, Нияз Қамзин, Қазали Әбдірахманов, Амантай Сатаев, Қабылғани Дөкіров, Дүйсетай Шаймұқанов және осы жолдардың авторы еді. Бұлардың кейінгі үшеуінен басқалары о дүниелік болып кетті. Кезіндө қоғамның мәдени-шаруашылық өміріне өз үлестерін қосты. Ұрпақтары облыс пен республиканың түпкір-түпкірінде еңбек етіп жүр.

Соғыс басталған айдан бастап осы өрімдей жастар шалдармен қосылып шөп шабатынбыз, оны әуелі шөмелеге жинап, кепкен соң дравиналы арбамен тасып баздың басындағы маяға үйетінбіз, жер жыртуға, егін егуге, оны оруға, астықты заготзерноға жеткізуге қатысатынбыз, тіпті арамшөптерден егіс даласын тазартуға алып баратын бастауыш класс оқушыларымен қоса.

Оқу процесі 5-7 кластарда Қазан революциясының мейрамынан кейін басталып, 1 май мерекесіне дейін өткізілетін. Қалған айлардың барлығы ауыл шаруашылығының көп салалы жұмыстарына қатысуға арналатын. Қарт әке-шешеміздің қыс айларындағы фермадағы жұмысына көмектесетінбіз.

Ұлы Отан соғысының алғашқы жылының желтоқсан айында болған мына бір оқиға есімде қалыпты. Сол қыста біздің үй іші Ақуан ағатайыммен бірге колхоздың Шилі деген бөлімшесінде мал фермасында болдық. 1939 жылы жаз айында Павлодар облысының «Кеңес» колхозынан

ағасы мен жеңгесін (менің әкешешемді) бір биесін арбаға жегіп, сиырын байлап, Баянауылдатып «Жастілек» аулына көшіріп әкелген. Ағайдың айтуынша жалғыз тұру (туысқансыз) қиынға түскен.

Сол желтоқсан айының бір күнінде екі өгізді шанаға жегіп, төртбес шақырым жердегі даладағы маядан шөп алып келуге кеттік. Біз жолға шыққанда күн ашық еді. Шанаға шөпті тиеп жолға шығуымыз сол екен, алай-дүлей жел соқты, ақ боранның ортасында қалдық. Ешнәрсе көрінбейді, айналаны аңғару қиын. Өгіздеріміз боранға беттей алмай бір қырын жүріп, өзеннің қары қалың кең арнасына түсіп, одан әрі қозғалу мүмкін болмады.

Ақуан ағатайым шананың ық жағынан қарды тазалап, шөп салып, мені жатқызды да үстіме шөп жапты, оны қармен көміп тастады. Андасанда менен тоңған жоқсың ба деп сұрап қояды. Мен тонған жоқпын. Ағатайым болса ит-құсқа айбат жасап, түні бойы айқайлаумен болды. Таң атқанда боран да басылды. Өгіздерді жегіп ауылға баратын жолға шықтық. Бірақ басымыз айналған болуы керек кері бағытқа жүріп бара жатқанымызда екі-үш салт атты қуып жетіп, Шилідегі ауылға аман-есен жеткізгені бар.

Келесі жылдың (1942 ж.) жазында сиыр фермасы колхоздың орталығына көшті. Ақуан ағайымды әскер қатарына алды. Майданда ағай зенитчик-наводчик болды.

Соғыстың екінші жылында да буыны қатпаған біздер сияқты жас өрімдерге, қарттар мен әйелдерге талай ауыртпалықтар түсті. Қажыдық, шаршадық, қиналдық деп колхоз жұмысынан тыс қалған, бас тартқан уақытымыз болған емес. Жаз бен күз күндерінде кешке жұмыстан келіп қаннен қаперсіз ұйықтап жатқанда, күн шығар шықпастан бригадирдің бишігінің сартылдаған дауысы ұйқыны шайдай ашатын. Содан жұмысқа жегілетінбіз.

Сондай жауапты тапсырмалардың бірін 1942 жылдың күзінде қыркүйек айында орындауға тура келді. Күзгі егін орағының кезі. Қырманда тазаланып жиналған бидай, арпа, сұлыны қаптарға салып, Нұра станцасындағы астық қабылдау пунктіне (заготзерноға) апарып тапсыратын быз. Бір күні колхоз бастығы Жарылғасын ағай шақырып алып, алты арбадан тұратын астық тиелген кіші гірім керуенді сен бастап барасын деп тапсырма берді. Көмекшіге Әлібек қарт пен оның қызы Әлия тағайындалды.

Жолда Сенокосный селосының жанында дем алып өгіздерімізде шалдырып, түске қарай астық қабылдау пунктіне жеттік. Алты арбада 60-тан астам қап бар, әрқайсының салмағы 65-70 килодан. Астықты тапсыру үшін әр қапты арқаңа салып солқылдаған баспалдақ үстімен он метрдей көтеріліп, заготзерноның қоймасына құясың. Ең ауыры мен үшін осы болды. Менің көмекшімнің мұны жасауға шамасы келмейді, маған көмектесе алмады Кешке қарай астық тапсыруды толық аяқтадық.

Әбден шаршап-шалдығып, міндетімізді орындағаннан кейін ауыл қайдасың деп жолға шықтық. Сенокосный селосына жетер жетпестен алдымызда келе жатқан машинаның жарығы көрінді. Машина оңға-солға бұрылып түзу жүре алмайтындығы байқалады. Көзге түрткісіз қараңғыда Әлібек ақсақал бастап келе жатқан арбаның екі өгізіне машина соғылсын кеп. Ақсақалдың ух-ахылап жатқан даусын естіп, арттағы екі арбаға ие болып келе жатқан мен жүгіріп келсем, Әлекең құлап жатыр қызы оның жанында жылап отыр, бір арба толық сынған, өгіздердің екеу де мүйізсіз қапған. Әйтеуір мал да жан да тірі.

Сұрастыра келсек, жүк таситын машина Семізбуғы руднигінен корунд тастарын тиеп алып, Нұра стансасына жеткізбек екен. Шофер қазақ жігіті екен, әбден шаршап, қалғып кетіп, біздің алдыңғы арбаны соққан. «Ешкімге айта көрмеңдер, арыз түсірмеңдер» деп жалынды жаңағы. Біз болсақ аман-сау қалғандықтан кеңіліміз жайбарақаттанып шофер жігіттің сұрауын орындауға келістік.

Сынған арбаның доңғалақтары мен бөліктерін басқа арбаға салып, туқыл болған өгіздерімізді мойнына жіп байлап, арбаның артына тіркеп, келесі күні түске қарай, колхоздың негізгі егістік бөлімшесі Түйетасқа келдік. Қырман басындағылар бізге, сынған арбаға, тұқыл болып қалған өгіздерге қараумен болды. Бәрі аңтаң.

Сөйтіп менің алғашқы астық тапсыруға қатысқан «эпопеям» осылай аяқталды. Міндетімізді барынша адал орындадық. Екінші жағынан болған қолайсыздықты үлкендер мен құрбы-құрдастар көш жүре келе түзеледіге жорыды. Айта берсем мұндай әңгіме көп, соғыс кезінде бастан кешкен осы екі оқиғаны жастардың жадында жүрсін деп еске түсірдім.

Зияда ЖАҒДАҰЛЫ,
еңбек ардагері, тарих ғылымдарының кандидаты.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.